ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңесі шешімімен бекітілген
Кеңес төрайымы ____________ К.М. Утепкалиева
хаттама № 8 «17» наурыз 2016ж.

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
# 5В030100 – «ҚҰҚЫҚТАНУ»

**2016-2017 оқу жылы**

**Білім беру бағдарламасы: «5В030101 – Азаматтық-құқықтық»**

Атырау-2016

**Мамандық:** 5B030100-«Құқықтану»
**Оқыту мерзімі:** 4 жыл
**Оқыту формасы:** күндізгі
**Курс:** 1
**Академиялық дәрежесі:** 5B030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша құқық бакалавры

**Жалпы білім беру пәндері (таңдау бойынша компонент), кредит саны 3**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағдылар және білім алушылар меңгерген құзыреттіліктер) | Кредит көлемі | | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | KZ | ECTS | | | |
| 1 | Psi 1109 Психология | Пәннің оқыту мақсаты - психологиядан негізгі орын алатын мәселер жөнінде студенттерде ой қалыптастыру: адамның психикалық феномені, ойлы мен ойсыздықтың өзара қатынасы, психикалық процестердің механизмдері мен заңдылығын, жағдайы, адамдық қарым-қатынастағы жеке тұлғаның мәселері.<br>Пәннің негізгі мазмұны: Психологияның пәні, міндеттері және әдістері. Психологияның пәні, объектісі. Субъективтік және объективтің шындықтың өзара қатынасы. Қазіргі психологиялық қалыптасуы. Психология және басқа ғылымдар. Қызмет және танымдық процесстердің психологиясы: Жеке тұлғаның психолгиясы. Қабілеттер: Темперамент. Мінез. Эмоция және сезім. Мотивизация. Ерік-жігер. | Білуі тиіс: жалпы психолологияның негізгі түсініктерін; психологиядағы бар әртүрлі бағыттар мен теориялардың мазмұнын; бүгінгі психикалық процесстердің теориялық және қолданбалы ерекшеліктерін; педагогикалық процесте тұлға мен ұжымды зерттейтін негізгі әдістерді білуі керек.<br>Біліктілігі: оқыту және тәрбиелеуге тікелей немесе жанама қатысы бар бір жүйеге келтірілген психология ғылымының жалпы ұғымдарын студенттер менгеруі керек; психологиялық көріністі психологиялық заңдылықтарға негіздей отырып талдау.<br>Дағдысы бар: Тұлғаның өзін-өзі дамыту деңгейін, кәсіби дағдыларын жетілдіруде психологиялық зерттеу әдістерін практикада пайдалану.<br>Құзіреттілігі: Студенттер өздігінен жұмыс істеу кабілеттерін арттырып, кажетті | 3 | 5 | 1 | | ҚР азаматтық құқығы, ҚР азаматтық іс жүргізу құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әдебиеттерді оқып үйреніп, өзіндікептілігі мен білімін көрсетулері керек. | | | | | |
| | SzhAN 1109 Саясаттану және әлеуметтану негіздері | Пәннің оқыту мақсаты - Саясаттануға жақын ғылымдардың бірі - әлеуметтану. Саясаттану саясатты белгілі бір заңдылықтарға бағынып, іс жүзінде белгілі бір принциптерді жүзеге асыратын, дамып, өзгеріп отыратын процесс ретінде карайды. Ал әлеуметтану оған процесс ретінде емес, адамдық өлшем ретінде карап, әлеуметтік ортаның саяси салаға етер әсерін зерттейді. Оның айналысатын мәселелері адамды және кауымдастықты дамытуға саясат не бере алады және саясатты жетілдіру үшін адамдар не істей алады. Сайып келгенде, саясаттанудың негізгі назары саясатта болса, әлеуметтанудың назары саясатты жасаушы адамда болады. Олардың арасындағы байланыс әсіресе саясаттануды сандық әдіс-тәсілдерді пайдалануға байланысты күшейе түседі. Пәннің негізгі тараулары: Саясаттану және әлеуметтану негіздері пәні мен әдістер жүйесі, максаты, міндеттері және тарихнамасы. категориялары мен заңдары қоғам, қоғамдык катынастар, әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік әрекеттер әлеуметтану түсінігінің негіздері. Әлеуметтану - әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар, мәдениет пен қоғамның әлеуметтік ұйымдасуы | Білуі тиіс: Саясаттану мен әлеуметтану мамандығының бір-біріне әсері, аракатынасы, айырмашылығы<br>Біліктілігі: саясаттану мен әлеуметтанудың құрылымдык функционалдық талдау<br>Дағдысы бар: саясаттану мен әлеуметтану жүйесін оқып-зерттеудің әдістерін колдана алу, талдау жасау<br>Құзіреттілігі: саясаттану мен әлеуметтану білімдер жүйесін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту | | | | | ҚР азаматтык құқығы, ҚР азаматтык іс жүргізу құқығы |

**Базалық пәндер (таңдау бойынша компонент), кредит саны 10**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағдылар және білім алушылар меңгерген құзыреттіліктер) | Кредит көлемі KZ | Кредит көлемі ECTS | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | KRMKT 1209<br>ҚР мемлекет және құқық тарихы | Пәнді оқытудың мақсаты болып Қазақстан Республикасының қазіргі аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылымдарға сипаттама бере отырып, мемлекет пен құқықтың пайда болу және даму ерекшеліктерін, әлеуметтік-экономикалық үрдістердегі мәні мен орнын игерудегі студенттердің теориялық және тәжірибе жүзіндегі дайындығын қамтамасыз ету<br>Пәннің негізгі тараулары: ҚР мемлекет және құқық тарихының пәні мен әдістер жүйесі, мақсаты, міндеттері және тарихнамасы. Қазақстан аумағында алғашқы мемлекеттердің пайда болуы. Ежелгі ғұндардың империясы. Үйсін және Қаңлы мемлекеттері. Түркі қағанаты. Түргеш және Қарлұқ қағанаттары. Оғыз мемлекеті. Қарахан мемлекеті. Қимақ пен Қыпшақ мемлекеттері. Найман мен Керей мемлекеттері. Шыңғысхан империясының тарих сахнасына шығуы. Моғолстан мемлекеті. Әбілхайыр хандығы және ноғай ордасы. Жеті жарғы. Қазақстандағы қазан төңкерісінің жеңісі және Кеңес өкіметінің орнауы. 1950-1990 жылдардағы Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуы. | Білуі тиіс: Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен құқықтың пайда болу, даму тарихын, Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылымдарды<br>Біліктілігі: ҚР мемлекет және құқық тарихындағы мемлекеттік құрылымдарды саралау<br>Дағдысы бар: Қазақстан Республикасының территориясында өмір сүрген түрлі ежелгі мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы мен құқық қатынастарының даму ерекшеліктерін талдау<br>Құзыреттілігі: Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың тарихын, олардың әрбір тарихи кезеңдерге сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктерін, пайда болуы мен жойылуын хронологиялық реттілікпен зерттей білу қабілеті | 3 | 5 | 2 | Мемлекет және құқық теориясы | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы |
| | SK 1209<br>Салыстырмалы құқықтану | Пәнді оқытудың мақсаты: Өз ұлттық құқығын жақсарту және оның алдында тұрған ғылыми-қолданбалы мәселелерді шешу үшін елдердің құқықтық жүйесі мен құқықтық институттарын оқыту.<br>Пәннің негізгі тараулары: | Білуі тиіс: ұлттық құқықтық жүйені шетелдік құқықтық жүйелермен салыстыру<br>Біліктілігі: қазіргі замандағы құқықтық жүйелерді кешенді талдау | | | | Мемлекет және құқық теориясы | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Салыстырмалы құқықтану құқықты оқып үйренуді ұлттың бір жақты нұсқаудың шеңберінен шығып, құқықты кең аяда зерттеуге жол ашады. Ұлттық құқықтық жүйе мен шет елдердің құқықтық жүйесінің ара-қатысын анықтау әр түрлі мемлекеттердің ұлттық, құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Түрлі құқықтық жүйелерді зерттеу, әр елдің құқығының даму жолдары мен ерекшеліктерін түсінуге көмектесумен қатар, өз елінің заң ғылымдарын дамытуға жол ашады. Сондықтан да, салыстырмалы құқықтану заң ғылымдарын дамытуға құқықтық шындық туралы жаңа теориялық білім ғана емес, ұлттық құқықтың даму тұжырымдамасын жасап, қалыптастыруда да қолданылады. | Дағдысы бар: қазіргі замандағы құқықтық мәселелерді салыстырмалы зерттеу<br>Құзыреттілігі: құқықтық шындық туралы жаңа теориялық білімдерді игеру | | | | | |
| 2 | ShEMKT 1210 Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы | Оқып білу мақсаты: шет елдердің мемлекет және құқық тарихына байланысты жүргізуде жасалатын іс жүргізу құжаттарын жасау ды білімді қалыптастыру, іскерлікті және дағдыны дағдыландыру.<br>Қысқаша мазмұны: Шет елдерінің мемлекет және құқық тарихының ұғымы, пәні, мәселелері; ежелгі дүние мемлекеті мен құқығының тарихы; Ежелгі Шығыс мемлекеттерінің (Египет, Вавилон, Индия, Қытай) пайда болуы; ежелгі шығыс өркендеуі; Хаммурапи патшаның заң кітапшасы; Ману Заңдары; легизм және конфуцийшілік; Көне мемлекеттер (Грекия, Рим); көне құқық; XII кесте заңдары; Гай иституциясы; орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы (франктар мемлекеті, Франция, | Білуі тиіс: құқыққа қатысты барлық сатылар<br>Біліктілігі: студенттердің құқық саласындағы нормативтік базасында еркін бағыт алып үйрену<br>Дағдысы бар: құқық саласына байланысты нормативтік базаны қолдануға дағдыланады<br>Құзіреттілігі: құқыққа байланысты дұрыс құқықтық баға бере алады | 3 | 5 | 1 | | ҚР мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Германия, Англия, Византиялық империя, Ежелгі Русь); Шығыстың орта ғасырлық мемлекеттері (Жапония, Араб халифаты); мұсылман (ислам) құқығы; XVII-XIX ғ.ғ. Жаңа уақыттың буржуаздық мемлекеттері (Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Жапония, Қытай); Жаңа уақыт құқығы; Жаңа уақыт мемлекеті мен құқығы (XX ғ.) Қазіргі кезеңде шетел мемлекеттері мен құқықтарының негізгі беталыстары. | | | | | | |
| | ShEKK 1210 Шет елдерінің конституциялық құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты конституциялық құқық теориясы негіздері мен әртүрлі европалық елдердегі тарихи кезеңдердің дамуын зерттеу болып табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: Шет елдерінің конституциялық құқығының мәселелері; конституциялық құқық шығармашылықтың негізгі кезеңдері; жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесі; әлеуметтік және экономикалық катынастарды конституциялық реттеу; шет елдердің саяси жүйесінде мемлекет пен баска субъектілерінің орны; шет елдердегі баскару, мемлекеттік құрылысы мен саяси режимі түрлерінің конституциялық негіздері, шет елдердегі сайлау құқығы мен сайлау жүйелерінің институты. | Білуі тиіс: Конституцияны, адамның құқықтары мен бостандықтарын,міндеттемелерін мемлекеттік билікті<br>Біліктілігі: адам және азаматтардың катысты конституцияның жекеленген ережелерін талдау; Шет елдерде әрекеттегі конституцияда бекітілген тепе-теңдік тежемелік жүйесіне баға беру<br>Дағдысы бар: шет елдеріндегі үкімет басшысының мәртебесі мен заң, аткарушы және сот үкіметінің конституциялық негіздері; шет елдеріндегі жергілікті басқару және өзін-өзі басқару көрінісі.<br>Құзыреттілігі: кәсіби білім беру саласына сәйкес нормативтік–құқықтық актілерді жасақтауға катысуға қабілеті; Құқық колдану кызметіндегі конституциялық құқық нормаларынан алынған білімдерін іске асыру кабілеті | | | | | ҚР мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Not 1215 Нотариат | Пәнді оқытудың мақсаты болып нотариат туралы білім алу, нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру туралы алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білуге үйрету табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары:<br>Қазақстан Республикасындағы нотариат. Нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері. Нотариаттық қызмет және оның кепілдіктері. Нотариаттық іс жүргізу. Нотариустың құқықтық жағдайы. Нотариустың көмекшілері мен стажерлары. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру тәртібі, лицензия беруден бас тарту, лицензиядан айыру мен лицензия күшін тоқтату. Нотариустың құқықтары мен міндеттері. Мемлекеттік нотариус. Нотариаттық палата, оның өкілеттіктері. Нотариаттық қызметке ақы төлеу. Нотариустың қызметін бақылау. Нотариатты реттеу саласындағы Әділет органдарының құзыреті. Нотариалдық іс-әрекеттер және оларды іске асыру ережелері, тәртібі мен мерзімі. Нотариалдық ісәрекеттерді жасаудан бас тарту. Мәмілелерді куәландыру. Өсиетті куәландыру. Сенімхатты куәландыру. Айғақтарды куәландыру. Құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдап алу. Теңіз наразылықтарын келтіру. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы. | Білуі тиіс: Жеке және заңды тұлғаларға құқықтық көмек көрсету, болып жатқан жағдайларды заң тұрғысынан талдау және сауатты шеше білу<br>Біліктілігі: Нотариат туралы білім алу, нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру туралы алған теориялық білімдерін тәжірибеде дұрыс жүргізу.<br>Дағдысы бар: Әртүрлі азаматтық-құқықтық құжаттарды құрастыру мен рәсімдеуде кәсіптік өкілеттілікті құрастыру, әртүрлі заңдық түсініктер мен санаттарға дұрыс сүйене білу, құқықтық шешім қабылдау және заңдылықпен нақты сәйкес заңдық әрекеттерді жасау, жаңа технологияларды пайдаланып қажетті құқықтық ақпаратты алудың тиімді жолдарын табу және оны өңдей білу керек<br>Құзыреттілігі: құқықтық құжаттарды рәсімдеу үшін қолданылатын нормалардың құқықтық сипатын талдай білу, нотариат қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін ұғына білу қабілеттілігі. | 2 | 3 | 2 | Мемлекет және құқық теориясы | Заң іс қағаздарын жүргізу, Қазақстан Республикасының салық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ZShK 1215 Заң шығару құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты – заңдарды қабылдау, өзгерту, толықтырулар енгізу туралы теориялық және тәжірибе жүзіндегі дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: заң шығару бастамасының құқығы, заң жобасын әзірлеу, талқылап, өңдеу негіздері, заң шығарушы билік, заң шығару өкілеттілігінің жиынтығы, Қазақстан Республикасында заң шығарушы билікті жүзеге асыратын органдар құзіреті | Білуі тиіс: заң тұрғысынан талдау жасау жолдары, заң шығару өкілеттілігінің жиынтығы<br>Біліктілігі: заң шығару туралы алған теориялық білімдерін тәжірибеде дұрыс жүргізу<br>Дағдысы бар: құқықтық ақпаратты алудың тиімді жолдарын табу және оны өңдеу<br>Құзыреттілігі: заң шығару үшін колданылатын нормалардың құқықтық сипатын талдай білу | | | | Мемлекет және құқық теориясы | Заң іс қағаздарын жүргізу, Қазақстан Республикасының салық құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы |
| 4 | ZKE 1216 Заңгердің кәсіби этикасы | Пәнді оқытудың мақсаты Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік құрылымына сипаттама бере отырып, заңгердің кәсіби этикасының түсінігіне, қағидаларына және ұйымдастырылуына, оның мәні мен орнын игерудегі студенттердің теориялық және тәжірибе жүзіндегі дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: кәсіптік этиканың теориялық-методологиялық негіздері, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіптік қызметінің категориялары, мораль ізгілікті қызметті анықтайтын әлеуметтік факторлар жүйесін құру. | Білуі тиіс: этика ұғымы мен оның затын, мораль функциялары мен оның құрылымы және элементтерін, заңгердің кәсіптік қызметінде әдептілікті.<br>Біліктілігі: міндеттілік парызы, жоғары интеллектуалдылық, тәуелсіздік, әділеттілік, принципиалдылық, кәсіби этика, мақсаттылық, ұйымдастырушылық, еңбек сүйгіштік, коммуникабелділік, ұжымда жұмыс жасай білу қабілеті, барлық нормалар мен заңдарды қорғаушы мен түсіндірме беруші бола білу, толеранттық, өз бетімен білімін жетілдіру және оны колдана білу.<br>Дағдысы бар: Этикалық құндылықтарды ұстану, кәсіби міндетін адал орындау, заңгердің кәсіби этикасының қағидасын ұстану, қалыптасқан құқықтық жағдайға өзінің тұжырымдамалары мен көзқарастарын логикалық және | 2 | 3 | 2 | Мемлекет және құқық теориясы, Шет елдердің мемлекет және құқық тарихы | Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының еңбек құқығы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | аргументті негіздеу.<br>Құзыреттілігі: Құқықтық тәрбиені ұтымды жүзеге асыру қабілеті, құқық қызметінің нақты саласындағы кәсіби түрде заң қорытындысы мен кеңестерін беру қабілеті | | | | | |
| | МКВ 1216<br>Мемлекеттік қызмет және басқару | Пәнді оқытудың мақсаты - студенттердің мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен мемлекеттік басқару теориясы саласындағы мақсатты жүйелі білімді игеруі, мемлекеттің құқықтық саясат Тұжырымдамасының негізгі ережелерін айқындауы.<br>Пәннің негізгі тараулары: мемлекеттік басқарудың мәні мен ерекшеліктері, мемлекеттік басқарудың негізгі белгілері, мемлекеттік басқару механизмі (тетігі), мемлекеттік басқару қағидалары, мемлекеттік басқарудың мазмұны, мемлекеттік тұрғыда шығарылатын шешім, Әкімшілік процедуралар | Білуі тиіс: мемлекеттік қызмет саласындағы теориялық тұжырымыдар мен идеялар туралы білім беру;<br>Біліктілігі: мемлекеттік қызмет механизимі арқылы мемлекеттің қызметтін тұрақты жүзеге асыру тәсілдері мен ұйымдастыруды ішкі құрылымда ұсынуды қалыптастыру;<br>Дағдысы бар: жария-құқықтық институт ретінде мемлекеттік қызмет табиғатының ерекшеліктерін түсінуді қалыптастыру;<br>Құзыреттілігі: мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі мен шетелдердегі ұқсастықтарын салыстырмалы талдауды игеру және де шетелдік тәжірибені Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет институтында енгізіп жетілдіру жөніндегі негізні бағыттарды айқындау | | | | Мемлекет және құқық теориясы | |

**Мамандық:** 5B030100-«Құқықтану»
**Оқыту мерзімі:** 4 жыл
**Оқыту формасы:** күндізгі
**Курс:** 2
**Академиялық дәрежесі:** 5B030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша құқық бакалавры

**Базалық пәндер (таңдау бойынша компонент), кредит саны 11**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағдылар және білім алушылар меңгерген құзыреттіліктер) | Кредит көлемі | | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | KZ | ECTS | | | |
| 1 | ZIKZH 2217 Заң іс қағаздарын жүргізу (мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде) | Пәнді оқытудың мақсаты – іс жүргізу құжаттарының толтырылу тәртібімен таныса отырып, құжаттардың бір-бірінен айырмашылығын ажыра білу, толтырудың құқықтық сипатымен танысу болып табылады. Оқу курсы студенттерге заң іс қағаздарын жүргізудің құқықтық тәжірибедегі нақты орнын анықтап, кешенді сипатын, негізгі міндеттері мен құрылымын, нормативті-құқықтық базасын игеруге мүмкіндік беріп, негізгі түсініктері мен өндірісте құжаттарды заңды жүргізуді жетілдіру жолдарын іздестіруді ұғындырады<br>Пәннің негізгі тараулары - Іс қағаздарын рәсімдеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер. ҚР-дағы электрондық цифрлік колтаңбаны колдану тәжірибесі. Ұйымдық құжаттар түрлеріне сипаттама. Басқарушылық құжаттардың жекелеген түрлеріне сипаттама. Ақпараттық-анықтамалық құжаттардың іс жүргізудегі маңызы. Қызмет бабындағы қатынас хаттарының атқаратын қызметі және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етілуі. Құжаттау және құжаттарды басқару. | Білуі тиіс: Құжаттар мазмұнын, оларды жүзеге асыру тәртібін, азаматтық құқық бойынша жауапкершілік түрлерін және әртүрлі азаматтық-құқықтық шарттардың мазмұнын білу<br>Біліктілігі: Тәжірибелік жұмысқа дағдылану және азаматтық құқық нормаларын тәжірибеде қолдана білу<br>Дағдысы бар: Әртүрлі азаматтық-құқықтық құжаттарды құрастыру мен рәсімдеуде кәсіптік өкілеттілікті құрастыру, әртүрлі заңдық түсініктер мен санаттарға дұрыс сүйене білу, құқықтық шешім қабылдау және заңдылықпен нақты сәйкес заңдық әрекеттерді жасау, жаңа технологияларды пайдаланып кажетті құқықтық ақпаратты алудың тиімді жолдарын табу және оны өңдей білу керек<br>Құзыреттілігі: құқықтық құжаттарды рәсімдеу үшін қолданылатын нормалардың құқықтық сипатын талдай білу | 2 | 3 | 3 | Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | Азаматтық құқық және іс жүргізу, Қылмыстық құқық және іс жүргізу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | IKMTZh 2217 Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу | Пәнді оқытудың мақсаты - мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің нормативтік талаптарын, оны ұйымдастыру, құжаттау, құжаттарды дайындаудың негізгі ережелерін зерделеу.<br>Пәннің негізгі тараулары : құжаттарды дайындау және ресімдеу, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, жеке құрам бойынша құжаттарды ресімдеу, ұйымдық құжаттар, құрылым және штат саны, штаттық кесте, лауазымдық нұскаулық. «Қызметкерлер туралы» ереже, Басқару құжаттары | Білуі тиіс: мемлекеттік ресми және шетел тілдерін еңбек мәдениетін және қызмет этикасын;<br>Біліктілігі: коммерциялық серіктестердің қызметтік құжаттарын сөздікпен аударуды; қызметтік хаттарды мемлекеттік тілде құрастыруды;<br>Дағдысы бар: Ақпараттық құжаттамалардың мағынасын мемлекеттік тілде ашуды;<br>Құзыреттілігі: Іс қағаздарын талаптарға сәйкес мемлекеттік тілде жүргізуге. | | | | Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | Азаматтық құқық және іс жүргізу, Қылмыстық құқық және іс жүргізу |
| 2 | AKK 2220 Әлеуметтік камсыздандыру құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты - әлеуметтік камсыздандыру бойынша заңдар, осы саладағы негізін қалаушы теоретикалық ережелер бойынша студенттердің білімін жетілдіру, сондай — ақ әлеуметтік заңдармен жұмыс істеу тәжірибесін іске асыру, алған білімдерімен және тәжірибелерімен практикада туындаған қиын жағдайларда қалай шешуді үйрету табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: Әлеуметтік камсыздандыру құқығы ұғымы мен пәні. Әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарының түсінігі. Әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарының негізгі ерекшеліктері мен белгілері. Әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарын классификациялау. Әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарының субьектілері мен мазмұны. Әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарының обьектілері. Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі. Жинақтаушы зейнетақы қорлары және оның құқықтық жағдайы. | Білуі тиіс: әлеуметтік камсыздандыру құқық катынастарын, ҚР-ның зейнетақы жүйесін, әлеуметтік жәрдемақы түрлерін тағайындау тәртібін<br>Біліктілігі: әлеуметтік камсыздандыру саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: Халықты әлеуметтік камсыздандыру саласындағы заң нормаларын жетік меңгеру және оны колдана білу. Зейнетақы реформаларын енгізу, колданудың тәжірибелік дағдыларын меңгеру, әлеуметтік камсыздану құқығы нормалары мен институттарының мазмұнын білу<br>Құзыреттілігі: әлеуметтік камсыздандыру жүйесінде колданыста болатын заң актілеріне талдау жасай білу және олардың әлеуметтік саладағы рөлін айқындай білу мүмкіндігі. | 2 | 3 | 3 | Мемлекет және құқық теориясы, Нотариат | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының салық құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жәрдемақылар және өтемақылар. Мүгедектігіне, асыраушысынан айырылу жағдайларына және жасына байланысты тағайындалатын жәрдемақылар. Әлеуметтік атаулы көмек. Еңбекке қабілетсіз азаматтарды әлеуметтік корғауды құқықтық қорғау. | | | | | | |
| | AKKEZM 2220 Адам құқығын қамтамасыз етудің заңдық механизмі | Пәнді оқытудың мақсаты-белгілі бір құқықтық тәсілдердің, құралдардың жүйесі ретінде көрініс табатын, бұзылған адам құқықтарын қалпына келтіру тәртібі.<br>Пәннің негізгі тараулары: Құқықтық мемлекеттің басты қағидасы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары. Адам мен азаматтардың жеке құқықтары мен бостандықтары. Адам мен азаматтардың экономикалық-әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары. Адам мен азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасының адам құқықтарын реттеуде қолданылатын заңнамалары. | Білуі тиіс: адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен іске асыру саласында реформалар жүргізу туралы ақпараттарды білу<br>Біліктілігі: жеке тұлғалар мен жеке топтарға олардың құқықтарын қорғау көмек көрсету<br>Дағдысы бар: адамның бұзылған құқықтары мен міндеттерін қорғаудың құқықтық құралдарын құқықтық емес құралдармен байланыстырып адам құқықтарының қорғалу тиімділігін көтеру<br>Құзыреттілігі:Қазақстан Республикасында демократиялық құқықтық мемлекетті құруға ықпал ету | | | | Мемлекет және құқық теориясы | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы |
| 3 | ОК 2222 Отбасы құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты болып студенттерді отбасы құқығының теориялық ережелерімен таныстыру, студенттерде өзінше ойлау қабілетін қалыптастырып, нормативтік материалдарды дұрыс қолдана білуге үйрету табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары:<br>Қазақстан Республикасының отбасы құқығы ұғымы, пәні, қайнар көздері, қағидалары. Отбасы құқық катынастары және субъектілері. Неке түсінігі, некеге тұру шарттары мен тәртібі. Некенің жарамсыздығы. Некені | Білуі тиіс: неке-отбасы құқық қатынастарын, некеге тұру тәртібі мен шарттарын, отбасы мүшелерінің арасындағы алименттік міндеттемелерді<br>Біліктілігі: неке-отбасы саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: Пәннің жалпы құрылымын түсініп, оның басқа пәндермен байланысын көрсете білу қабілеті<br>Құзыреттілігі: отбасы – неке заңнамалары жүйесіндегі | 2 | 3 | 4 | Мемлекет және құқық теориясы<br>Рим құқығы<br>Нотариат | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | АХАЖ және сот органдарында бұзу тәртібі. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері. Ата-аналық құқықтардан айыру мен шектеу тәртібі, ата-аналық құқықтарды қалпына келтіру. Ерлі-зайыптылар мүлкінің құқықтық режимі. Алименттік міндеттемелер. Алименттерді төлеу мен өндіріп алу тәртібі. Бала асырап алу, бала асырап алудың күшін жою негіздері. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу нысандары. Қорғаншылық және қамқоршылық. Патронат-бала асырап алудың ерекше нысаны ретінде. Отбасы заңнамаларының шетелдіктерге қолданылуы. | нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі. | | | | | |
| | АККМ 2222 Азаматтардың конституциялық құқықтық мәртебесі | Пәнді оқытудың мақсаты адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі туралы және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының конституциялық жүйесі туралы фундаменталдық түсініктерді қалыптастыру.<br>Пәннің негізгі тараулары:<br>ҚР Конституциялық құқығы - ұлттық құқықтық жетекші саласы, ҚР-да жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері | Білуі тиіс: конституциялық құқық нормаларын және мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық институттардың оларға негізделген қызметтерін құқықтық талдау әдістемесі<br>Біліктілігі: конституциялық-құқықтық өзекті мәселелер бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білетін және оны негіздей алатын болады, Конституцияны және конституциялық-құқықтық актілерді талқылап, қолдана білетін болады<br>Дағдысы бар: ҚР-ң қолданымдағы конституциялық заңнамасына сәйкес түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасап үйренеді<br>Құзыреттілігі: нақты тәжірибелік жағдайларда конституциялық-құқықтық нормаларды пайдалануға құзыретті болу; | | | | Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мемлекеттік механизмді дамытудың жағдайы мен болашағын, конституциялық құқықтық жүйені білу; конституциялық-құқықтық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен түзетулерді ұғыну | | | | | |
| 4 | YuK 2221 Ювеналдық құқық | Пәнді оқытудың мақсаты болып жасөспірімдер мен кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын зерделеу, ювеналдық құқықтың құқық саласында алатын рөлін айқындау табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: Ювеналдық құқық пәнінің жалпы сипаттамасы. Ювеналдық құқықтың құрылымы мен әдістемесі. Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша іс жүргізу. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы. Кәмелетке толмағандарға қорғаншылық пен қамқоршылық тағайындау ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандардың некеге тұру ерекшелігі мен тәртібі. Кәмелетке толмаған ата-аналардың құқықтық жағдайы. | Білуі тиіс: ювенология ғылымының құқық жүйесіндегі рөлін, кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын<br>Біліктілігі: ювеналдық құқық саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: Ювеналды құқық саласындағы заңдарды жетік меңгеру, кәмелетке толмағандардың конституциялық-құқықтық, азаматтық, әкімшілік, отбасы және т.б. құқық қатынастар саласында заңды мүдделерін қорғау дағдысының болуы қажет<br>Құзыреттілігі: ювеналдық құқық субъектілерінің құқықтық жағдайына талдау жасау қабілеті. | 3 | 5 | 4 | Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім), Рим құқығы, Нотариат | Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы |
| | ВКК 2221 Балалар құқығын қорғау | Пәнді оқытудың мақсаты: білім берудің іргелі құрам бөлігі ретінде әлеуметтік, білім беру, еңбек, отбасы құқықтарын білуге, Қазақстан Республикасының бала құқығын және отбасын әлеуметтік қорғау бойынша заңнамалық және нормативтік базасын зерделеуге және болашақ әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәнінің мамандарына құқықтық мәдениет негіздерін үйретуге бағытталған.<br>Пәннің негізгі тараулары: Бала құқығын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы, БҰҰ-ның | Білуі тиіс: Балалық шақ және отбасын әлеуметтік қорғау құқығын қорғаудың халықаралық, Қазақстан республикасының заңнамалық-нормативтік қамтамасыз ету<br>Біліктілігі: бала құқығын қорғауда отбасы жағдайында және басқа да мемлекеттік, мемлекеттік-қоғамдық, қоғамдық ұйымдардың қатысуын құқықтық зерделеу<br>Дағдысы бар: Қазақстан Республикасының бала құқығын | | | | Рим құқығы, Нотариат, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы | Халықаралық отбасы құқығы |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бала құқықтары туралы Конвенциясы, БҰҰ-ның 1959 ж. 20 карашадағы бала құқықтары туралы Декларациясы, Отбасы ұғымы, неке шарттары, некенің жарамсыздығы және жұбайлардың жеке мүліктік құқықтары, Балалық шақ және отбасын әлеуметтік қорғау технологиялары | және отбасын әлеуметтік қорғау бойынша негізгі заңнамалық және нормативтік актілермен жұмыс жасау, оларды қолдануды құрылымдық элементтері мен өзара әрекет ету механизмін қарастыру<br>Құзыреттілігі:қазіргі кездегі бала және отбасы құқығын қорғаудың нормативтік базасы мен заңнамаларына салыстырмалы сипаттама бере білу; балаларды, отбасын әлеуметтік қорғау аймағының нормативтік базасы мен заңнамаларының ерекшелігін білу, болашақта іске асуын болжай білу; жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың сапасына әрекет етуші заңнамалар мен нормативтік актілер негізінде бағалай білу; бала құқықығын, жанұя құқықтарын әлеуметтік қорғауда практикалық көмек көрсете білу. | | | | | |
| 5 | АКР 2223<br>Азаматтық құқық бойынша практикум | Пәнді оқыту мақсаты - Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығының жалпы және ерекше бөлімдері бойынша студенттерге курстың маңызды сұрақтарын меңгеруге көмектесу, тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы азаматтық заңдар мен өзге де нормативтік материалдарды тәжрибе жүзінде дұрыс қолдануға студентті бейімдеп, үйрету болып табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Азаматтық құқық ұғымы, пәні және реттеу әдісі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері. Азаматтық құқық субъектілері. Азаматтық құқықтағы | Білуі тиіс: қазақстандық құқық жүйесіндегі азаматтық құқығының орнын; азаматтық құжаттарды толтыру тәртібін; - азаматық құқықтың жүйесі мен көзін. Заңдар мен басқа құқықтық актілердің арақатынасын;<br>Біліктілігі:азаматтық құқықтың мәні; келісімдер, міндеттемелер мен келісімшарттар туралы жалпы ережелер<br>Дағдысы бар: нақты нормативтік актілермен пайдалануға; логикалық тұрғыдан шарттарды сауатты жеткізуге; ұйымның ұйымдастыру-құқықтық белгісін | 2 | 3 | 4 | Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім),<br>Рим құқығы | Атқарушылық өндіріс,<br>Азаматтық іс жүргізу бойынша практикум |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | заңдық фактілер. Өкілдік және сенімхат. Азаматтық құқықтарды қорғау | анықтайтын құрылтайшылық құжаттарды жасауға; Құзыреттілігі: азаматтық құқық саласындағы шешімдерді қабылдай білу қабілеттілігі | | | | | |
| | МК 2223 Міндеттемелік құқық | Пәнді оқыту мақсаты - студенттердің негізгі міндеттемелік ұғымдар мен категорияларды үйренуі, міндеттемелік құқықтық нормаларды дербес талдап білуі және азаматтық-құқықтық құралдарды іс-жүзінде қолданып білу тәжірибесі болуы қажеттігі.<br>Пәннің негізгі тараулары: Міндеттемелік құқықтың ұғымы, міндеттеме туралы жалпы ережелер, міндеттеме түсінігі және тараптары, азаматтық–құқықтық шарттар. Шарт түрлері, міндеттемелерді орындау, міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету, міндеттемені орындауды қамтамасыз етудің әдістері, айып төлеу, міндеттемедегі тараптардың ауысуы, міндеттемені тоқтату, міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздері және түрлері | Білуі тиіс: азаматтық құқықтың тарихи дамудағы міндеттемелік құқықтың ұғымы мен түрлері Біліктілігі: азаматтық құқықтық қатынастардағы міндеттемені реттеу туралы ережелер<br>Дағдысы бар: несие беруші және борышкорың құқықтарын қорғауға қатысты жан –жақты жағдайлар жасау<br>Құзыреттілігі: тараптардың құқықтары және міндеттерінің ерекшелігі және міндеттеме тараптары негізінде шешімдерді қабылдай білу қабілеттілігі | | | | Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім),<br>Рим құқығы | Азаматтық іс жүргізу бойынша практикум,<br>Атқарушылық өндіріс |

**Мамандық:** 5В030100-«Құқықтану»
**Оқыту мерзімі:** 4 жыл
**Оқыту формасы:** күндізгі
**Курс:** 3
**Академиялық дәрежесі:** 5В030100–«Құқықтану» мамандығы бойынша құқық бакалавры

**Базалық пәндер (таңдау бойынша компонент), кредит саны-4**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағдылар және білім алушылар меңгерген құзыреттіліктер) | Кредит көлемі | | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | KZ | ECTS | | | |
| 1 | SK 3224 Сақтандыру құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты болып сақтандыру құқығының негізгі теориялық ережелерін түсіндіру, сақтандыру салаларының құқықтық негіздерін, міндетті сақтандыруды құқықтық реттеудегі заңнамалардың маңызы мен олардың нарықтық экономикалық қалыптасуына ықпалы мен маңызын түсіндіру табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары: Сақтандыру ісі, сақтандыру нарығы және сақтандыру ұйымдары. Сақтандыру құқығы құқық саласы ретінде. Сақтандыру заңнамалары. Сақтандыруды жүзеге асыру негізіндегі сақтандыру шарттары. Өмірді сақтандыру саласының құқықтық негіздері. Жалпы сақтандыру саласының құқықтық негіздері. Өзара сақтандыру мен қайта сақтандырудың құқықтық негіздері. құқықтық негіздері. Сақтандыру брокері, агенті, актуарий және аудиторлық ұйым қызметінің құқықтық негіздері. Сақтандыру қорын және сақтандыру резервтерін басқарудың құқықтық негіздері. Сақтандыру қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу және қадағалау. | Білуі тиіс: сақтандыру құқық қатынастарын, ҚР-ның сақтандыру жүйесін, сақтандыру түрлерін тағайындау тәртібін<br>Біліктілігі: сақтандыру саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: ҚР сақтандыру заңдарын білу; накты ситуацияны талдап, оны шешу жолдарын көре білу; құқықтық сипаттағы құжаттар жасай білу; білікті құқықтық қорытынды және кеңестер беру<br>Құзыреттілігі: сақтандыру қызметін құқықтық реттеуді жүзеге асыратын органдардың мәртебесіне сипаттама беру қабілеті, сақтандыру нарығын талдау мүмкіндігі. | 2 | 3 | 6 | Мемлекет және құқық теориясы,<br>ҚР азаматтық құқығы (жалпы бөлім) | Халықаралық жеке құқық |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Міндетті сақтандыру ауқымындағы сақтандыру құқық катынастары. Міндетті әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу. Міндетті экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру. | | | | | | |
| | ShK 3224 Шаруашылық құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты болып мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын түсіндіру табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары:<br>Мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығы, Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі, Шаруашылық жүргізу құқығына ие болу және тоқтату, Меншік иесінің шаруашылық жүргізудегі мүлікке қатысты құқығы | Білуі тиіс: шаруашылық құқық саласындағы теориялық тұжырымыдар мен идеялар туралы білім беру;<br>Біліктілігі: шаруашылық құқық қызметін тұрақты жүзеге асыру тәсілдері мен ұйымдастыруды ішкі құрылымда ұсынуды қалыптастыру;<br>Дағдысы бар: жария-құқықтық институт ретінде шаруашылық құқық табиғатының ерекшеліктерін түсінуді қалыптастыру;<br>Құзыреттілігі: шаруашылық құқықтың қазақстандық моделі мен шетелдердегі ұқсастықтарын салыстырмалы талдауды игеру | | | | Мемлекет және құқық теориясы,<br>ҚР азаматтық құқығы (жалпы бөлім) | Халықаралық жеке құқық |
| 2 | BK 3225 Банк құқығы | Пәнді оқытудың мақсаты болып студенттерге банк заңдарының құқықтық қағидаттары мен нормаларын түсіндіру, банк тәжірибесімен, банк құжаттарымен, банк стандарттарымен таныстыру, мемлекеттің ақша-несие саясатының негіздерін меңгеру, банк құқығы, банк заңдары, банк тәжірибесі дамуының бағыттарын анықтау табылады.<br>Пәннің негізгі тараулары:<br>Банк құқығының түсінігі, пәні, қайнар көздері мен жүйесі. Ұлттық банк - елдің орталық банкі ретінде. Ұлттық банктің функциялары мен органдары. Екінші | Білуі тиіс: мемлекеттің ақша жүйесінің негіздерін, банк саласын басқару жүйесін, коммерциялық банктердің құқықтық жағдайын<br>Біліктілігі: елдің ақша-несие саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: Банк құқығы аясына қатысты заңдық санаттармен бағдарлай білу, әртүрлі тектегі банк шарттарын құрастыру қабілеті, жалпы банк заңдылығы және банктік тәжірибе бойынша ақпараттану | 2 | 3 | 6 | Мемлекет және құқық теориясы<br>Рим құқығы | Тұрғын үй құқығы<br>Халықаралық жеке құқық |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | деңгейлі банктердің құқықтық жағдайы. Банк операцияларын жүзеге асыратын банктік емес ұйымдар. Ломбардтар. Айырбастау нүктелері. Несие серіктестіктері. Банктік операциялардың түрлері. Банктерді қайта құру мен тарату негіздері. Қаражаттарды құру бойынша операциялар. Төлем айналымы әрекет етуі бойынша қатынастарды реттеу. Несиені ұсыну бойынша операциялар. Банктердің белсенді операцияларының басқа түрлері. Лизинг. Факторинг. Форфейтинг операциялары. Банктердің бағалы қағаздармен операциялары. | мақсатында мемлекеттің ақша-несие саясатының білімдерінің негізін білу.<br>Құзыреттілігі: банк саласында қабылданған нормативтік құқықтық актілерді саралай білу мүмкіндігі және осы саладағы заң нормаларын тәжірибеде пайдалана білу қабілеттілігі | | | | | |
| | BK NKR 3225 Бағалы қағаздар нарығын құқықтық реттеу | Пәнді оқытудың мақсаты бағалы қағаздар нарығын реттеумен және құқық орнатушы пппроцесстермен танысу<br>Пәннің негізгі тараулары: Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу. Бағалы қағаздар нарығының объектісі. Бағалы қағаздар нарығының субъектісі. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік шығаруын ұйымдастыру. Акциялар мен облигациялардың мемлекеттік сатуын ұйымдастыру. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру. Эмиссиялық бағалы қағаздардың айналымы. Бағалы қағаздар нарығының комерциялық немесе қызметтік құпиясы. Бағалы қағаздар нарығының қызмет етуінің ұйымдастырылу тәртібі. Биржалық кордың қызметі. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қызметтік бақылау. | Білуі тиіс: банк аясына қатысты заңдық санаттармен бағдарлай білу<br>Біліктілігі: елдің ақша-несие саласын реттейтін нормаларға талдау жасай білу қабілеті<br>Дағдысы бар: жалпы банк заңдылығы және банктік тәжірибе бойынша ақпараттану мақсатытнда мемлекеттің ақша-несие саясатының білімдерінің негізінн білу<br>Құзыреттілігі: әртүрлі тектегі банк шарттарын құрастыру қабілеті | | | | Экономика және құқық негіздері | Халықаралық жеке құқық |

**Кәсіптендіру пәндері (таңдау бойынша компонент), кредит саны - 17**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағдылар және білім алушылар меңгерген құзыреттіліктер) | Кредит көлемі | | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | KZ | ECTS | | | |
